Қазақстан Республикасының Парламенті

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы

Парламент Республики Казахстан

# Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы

Осы Заң кемтар балаларды әлеуметтік, медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың нысандары мен әдістерін айқындайды, дамуында кемістігі бар балаларға көмек көрсетудің тиімді жүйесін жасауға, оларды тәрбиелеу, оқыту, еңбекке және кәсіби даярлау ісімен байланысты проблемаларды шешуге, балалар мүгедектігінің алдын алуға бағытталған.

## 1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар

Осы Заңда мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау - кемтар балаларға тұрмыс-тіршілігіндегі шектелуді жою және оның орнын толтыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ететін және оларға басқа азаматтармен бірдей қоғам өміріне қатысу мүмкіндіктерін жасауға бағытталған арнаулы әлеуметтік, медициналық және білім беру қызметтерін көрсететін білім беру, халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі;

2) кемтар бала (балалар) - белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар);

«РКАО» РМК лауазымды тұлғанын ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

3) "қатер" тобындағы бала (балалар) - ерте қолға алынбағандықтан, әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсетілмегендіктен, дене және (немесе) психикалық дамуында кенжелеп қалу ықтималдығы жоғары болатын үш жасқа дейінгі бала (балалар);

4) дене кемістігі - ағзасы (ағзалары) дамуының және (немесе) жұмыс істеуінің ұзақ уақыт бойы әлеуметтік, медициналық және педагогикалық түзеу арқылы қолдауды қажет ететіндей созылмалы бұзылуы;

5) психикалық кемістік - адам психикасы дамуының және (немесе) жұмыс істеуінің уақытша немесе тұрақты кемістігі, соның ішінде: сенсорлық бұзылыстардың салдары; сөйлеу бұзылыстары; эмоциялық-еркі жағынан бұзылыстары; ми зақымдануының салдары; ақыл-ой дамуының бұзылыстары, соның ішінде ақыл-ой жағынан кенжелеп қалу; психикалық дамуының тежелуі және осыған байланысты оқып-үйренудегі өзіндік қиындықтар;

6) күрделі кемістік - психикалық және дене кемістігінің кез келген ұштасуы;

7) ауыр кемістік - мемлекеттік (оның ішінде арнаулы) білім беру стандарттарына сәйкес білім беру қолжетімді болмайтын және оқыту мүмкіндіктері өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын, қоршаған дүние туралы қарапайым білімдерді және қарапайым еңбек дағдыларын, немесе аясы тар кәсіби даярлықты меңгерумен шектелетін дәрежедегі психикалық және (немесе) дене кемістігі;

8) ерте қолға алу (ерте қолдау) - психикалық-дене бұзылыстары скринингін, медициналық психологиялық-педагогикалық диагностиканы, емдеуді, дамыта оқытуды қамтитын, сәби жастағы (үш жасқа дейінгі) балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау;

9) әлеуметтік бейімдеу - нысаналы әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау процесінде кемтар балалардың қоғамда қабылданған құндылықтарды, мінез-құлық ережелері мен нормаларын игеруі мен қабылдауы және еңбекке даярлануы жолымен әлеуметтік орта жағдайларына белсенді түрде икемделуі;

10) әлеуметтік жұмыс - жекелеген адамдарға, отбасыларына олардың толық мәнді әлеуметтік жұмыс істеуіне кедергі келтіретін бұзылған немесе жойылған функцияларының орнын толтыра отырып әлеуметтік құқықтары мен кепілдіктерін іске асыруда көмек көрсету жөніндегі қызмет;

11) скрининг - "қатер" тобындағы балаларды анықтау мақсатымен жаппай стандартталған тексеру;

12) медициналық және психологиялық-педагогикалық диагностика - әр түрлі кемістіктерді анықтау мен емдеудің, оқыту мен тәрбиелеудің сайма-сай жағдайларын белгілеу үшін балалардың психикалық-дене дамуын кешенді салааралық бағалау;

13) медициналық оңалту - организмнің бұзылған немесе семіп қалған функцияларын емдеуге, қалпына келтіруге бағытталған медициналық іс-шаралар кешені;

14) арнаулы білім беру бағдарламалары - кемтар балаларды оқытуға арналған бағдарламалар;

15) арнаулы білім беру - кемтар балаларға арнайы жағдайлар жасай отырып білім беру;

16) арнаулы білім беру жағдайлары - техникалық және өзге де көмекші құралдарды, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және кемтар балалардың білім беру бағдарламаларын игеруі онсыз мүмкін болмайтын өзге де қызметтерді қоса алғанда, арнаулы білім алу үшін жасалатын жағдайлар;

17) арнаулы білім беру ұйымдары - кемтар балалардың диагностикасы және консультациялар алуы, оларды оқыту мен тәрбиелеу үшін құрылған ұйымдар: психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, балалар бақшалары, мектептер жанындағы логопедтік пункттер және басқа да ұйымдар;

18) арнаулы түзеу ұйымдары - дамуында кемтар болып қалған:

есту қабілеті бұзылған (естімейтін, нашар еститін, кейіннен саңырау болып қалған);

көру қабілеті бұзылған (көзі көрмейтін, нашар көретін, кейіннен соқыр болып қалған);

жүріп-тұру мүшелерінің функциялары бұзылған;

сөйлеу қабілеті бұзылған;

ақыл-ойы кенжелеп қалған;

психикалық дамуы тежелген;

эмоциялық-еркі жағынан және мінез-құлқы бұзылған;

күрделі бұзылыстары бар, оның ішінде соқыр-саңырау болып қалған балаларға арналған ұйымдар;

19) психологиялық тексеру - кемтар балалардың психикалық жағдайының ерекшеліктері мен психикалық дамуындағы әлеуеттік мүмкіндіктерін анықтау;

20) әлеуметтік тексеру - тиісті жастағы балаларға арналған жас нормативтерін ескере отырып, дене кіріптарлығына, жинақылығы, әдеттегі қызметпен айналысу қабілеті, экономикалық дербестігі мен қоғамға кірігу қабілеті шектелуіне байланысты болуы мүмкін әлеуметтік кемістіктер дәрежесін анықтау;

21) медициналық тексеру - балалардың тіршілік-әрекетінің шектелуіне себеп болатын жекелеген ағза немесе организм функциясының (функцияларының) бұзылу (болмау) түрін, ауырлығын анықтау;

22) педагогикалық тексеру - тиісті жастағы балаларға арналған жас нормативтерін ескере отырып, балалардың ақыл-ой жағынан даму ерекшеліктерін және олардың ойын ойнауға, білім алу мен қарым-қатынас жасауға әлеуеттік мүмкіндіктерін анықтау;

23) кәсіби диагностика - бойындағы психикалық және (немесе) дене кемістігін ескере отырып балалардың еңбек қызметінің немесе кәсіптің дағдыларын меңгеру мен орындауға әлеуеттік мүмкіндіктерін анықтау;

24) кемтар баланы оңалтудың жеке бағдарламасы - баланың соматикалық жай-күйі деңгейінің болжамын, психикалық-дене төзімділігін, отбасының әлеуметтік мәртебесі мен әлеуметтік инфрақұрылым мүмкіндіктерін ескере отырып, оның қажеттіліктерінің құрылымына, ден қоятын мәселелерінің шеңберіне, құштарлықтарының деңгейіне сәйкес баланың тұрмыстық, қоғамдық, кәсіби қызметке қабілетін қалпына келтіруге бағытталған медициналық, психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік іс-шаралар тізбесі;

25) уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - азаматтардың денсаулығын сақтау, білім беру, халықты әлеуметтік қорғау саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы органдар.

## 2-бап. Қазақстан Республикасының кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық жағынан түзеу арқылы қолдау туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3. Жетім балаларды, психикалық аурулары бар балаларды, күнкөрісі төмен отбасыларын және мемлекеттің қолдауын қажет ететін адамдардың өзге де санаттарын мемлекеттік қолдауға байланысты қатынастар кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдауға байланысты бөлігінде ғана осы Заңмен реттеледі.

## 3-бап. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау, оның мақсаттары, міндеттері мен принциптері

1. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау баланың туғанынан басталып, ол кәмелеттік жасқа толғанға дейін, жаппай кешенді медициналық, психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік тексеру мен кәсіби диагностика жүргізу, оңалтудың жеке бағдарламасын әзірлеу, медициналық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік қызметтер көрсету және еңбекке баулу арқылы жүргізіледі.

2. Әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың мақсаттары:

1) туа біткен және тұқым қуалайтын ауруларды, қалыпты дамудан ауытқушылықтарды ерте бастан (туған кезден) анықтау;

2) балалардың дамуындағы кенжелеп қалу мен бұзылыстардың алдын алу, мүгедектіктің ауыр түрлерінен сақтандыру;

3) балалар мүгедектігінің деңгейін төмендету;

4) кемтар балалардың дене, психика және өзге де қабілеттерінің орнын толтыру немесе оларды қалпына келтіру, олардың әлеуметтік құқықтарын іске асыру, неғұрлым толық әлеуметтік бейімделуіне жәрдемдесу болып табылады.

3. Әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың міндеттері:

1) кемтар балаларды анықтау мен оларды есепке алудың бірыңғай мемлекеттік жүйесін құру;

2) арнаулы білім беруді және арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуді жүзуге асыратын ұйымдар желісін дамыту;

3) кемтар балаларды әлеуметтік бейімдеу;

4) кемтар балалары бар отбасыларын әлеуметтік қолдау;

5) әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдауды жүзеге асыратын ұйымдарды кадр, ғылыми және ұйымдастыру-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету;

6) халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарының кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау мәселелері жөніндегі қызметін сабақтастыру болып табылады.

4. Әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау мынадай принциптерге:

1) кемтар балалар мен олардың отбасыларына әлеуметтік қолдау және оңалту көмегін көрсету кепілдігіне;

2) кемтар баласы бар отбасы мен әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыратын ұйымдар мамандарының ынтымақтастығына;

3) балалардың қабілеттерінің шектелу дәрежесіне, жасына, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, ерте қолдау мен білім алуға қол жеткізуіне және тең құқықтылығына;

4) әрбір балаға жеке тұрғыдан келіп, әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсетуді саралауға негізделеді.

## 2-тарау. КЕМТАР БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮЗЕУ АРҚЫЛЫ ҚОЛДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

### 4-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау саласындағы әлеуметтік қызмет көрсету мен әлеуметтік қамсыздандырудың стандарттарын айқындайды;

3) азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы уәкілетті органның ұсынуы бойынша кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау саласындағы медициналық көмектің тегін кепілдік берілген көлемін бекітеді;

4) кемтар балаларға арналған мектепке дейінгі арнаулы тәрбие мен оқытудың және жалпы арнаулы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын әзірлеу, бекіту тәртібін белгілейді;

5) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

---

*Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.07.27 № 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### 5-бап. Азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы уәкілетті орган:

1) бала тууға көмектесетін мекемелерде, балалар емханаларында, алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету мекемелерінде "қатер" тобындағы балаларды барынша ертерек анықтау үшін скрининг ұйымдастыру және анықталған "қатер" тобындағы және кемтар балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға жіберу тәртібін белгілейді;

2) дене және (немесе) психикалық кемістігі бар балалар патологияларының диагностикасын, әр алуан түрлерін емдеуді ұйымдастыру тәртібін белгілейді;

3) білім беру саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, "қатер" тобындағы балаларды ерте анықтау мәселелері бойынша жалпы практика дәрігерлерін, балалар дәрігерлерін және орта буындағы медицина қызметкерлерін даярлауды қамтамасыз етеді;

4) кемтар балалардың диагностикасы және оларды емдеу жөніндегі халықаралық тәжірибені пайдалануға жәрдемдеседі;

5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

*Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### 6-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Білім беру саласындағы уәкілетті орган:

1) мектепке дейінгі арнаулы тәрбие мен оқытудың және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарын белгілейді;

2) барлық білім беру ұйымдары үшін арнаулы білім беру шарттарының бірыңғай принциптері мен нормативтерін айқындайды;

2-1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) кемтар балалар оқитын арнаулы сыныптардың (топтардың) шекті толымдылығын айқындайды;

4) арнаулы білім беру ұйымдарының типтері мен түрлерінің тізбесін белгілейді; арнаулы білім алуға мұқтаж адамдар үшін білім беру ұйымдарында қажетті орын санын айқындайды;

5) кемтар балаларды оқытуды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік жарақтандырылуы мен қамтамасыз етілуіне қойылатын ең төменгі міндетті талаптарды белгілейді;

6) оқушыларды аттестаттау әдістемесін айқындайды;

7) азаматтардың денсаулығын сақтау, оларды әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп, кемтар балаларды оқытуға арналған техникалық құралдарға қойылатын нормативтік талаптарды әзірлейді және бекітеді;

8) білім беру ұйымдарын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің үйлестірілуін жүзеге асырады;

9) арнаулы білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік-құқықтық актілердің орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

10) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

11)

12) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

---

*Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13, (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.27 № 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV, 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

**7-бап. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

Әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган:

1)

2) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) әлеуметтік қызметкерлер қызметінің функциялары мен сипатын айқындайды, мамандықтардың тізбесі мен оларға қойылатын біліктілік талаптарын белгілейді, әлеуметтік қызметкерлерге әдістемелік көмек көрсетеді;

4) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетудің әлеуметтік нормативтерін, түрлері мен нысандарын әзірлейді;

5)

6) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7) әлеуметтік қызмет көрсетудің стандарттарын, тегін әлеуметтік қызмет көрсетудің тәртібін әзірлейді;

8) алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

---

*Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 N 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## 8-бап. Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының құзыреті

1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:

1) мүгедектер қатарындағы кемтар балаларға үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі туралы ережені әзірлейді, үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелерін құрады;

2) кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау мәселелерімен айналысатын мемлекеттік ұйымдарды материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

3) алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету мекемелерінде, балалар емханаларында, әйелдерді босандыру мекемелерінде скрининг ұйымдастырады;

4) скрининг нәтижесінде анықталған "қатер" тобындағы балаларды ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің келісімімен психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға жіберуді қамтамасыз етеді;

5) кемтар балаларды арнаулы білім беру ұйымдарында оқытуды ұйымдастырады және оларды басқа білім беру ұйымдарында оқыту үшін жағдай жасайды;

6)

7) арнаулы білім беру ұйымдары мен психикалық және (немесе) дене кемістіктерін анықтау, есепке алу мен түзеу салаларында жұмыс істейтін кадрларды қайта даярлауды, біліктілігін арттыруды және аттестаттауды жоспарлайды және ұйымдастырады;

8) ауыр кемістіктері бар балаларға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік көмекті ұйымдастыру мен көрсету жөніндегі қызметті үйлестіреді;

9) жалпы мемлекеттік стандарттарды сақтай отырып, кепілдікті медициналық қызмет көрсетілу және тегін білім алу құқықтарын іске асыруды, сондай-ақ әлеуметтік көмек алуды және арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетілуді қамтамасыз етеді;

10) кемтар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларының құқықтарын қорғауды және оларға консультациялық көмек беруді қамтамасыз етеді;

11) кемтар балалардың жұмысқа орналасуына жәрдемдеседі;

12) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің шешімімен: алпыс мың балаға арналған психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар – республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда, астанада, сондай-ақ аудан орталықтарында; оңалту орталықтары – республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда, астанада; психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда, астанада, сондай-ақ аудан орталықтарында құрылады.

---

*Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 20.12.2004 № 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі), 05.07.2011 № 452-IV (13.10.2011 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 165-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) заңдарымен.*

## 3-тарау. КЕМТАР БАЛАЛАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮЗЕУ АРҚЫЛЫ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТ

### 9-бап. Кемтар балаларға медициналық, арнаулы білім беру және арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін ұйымдар

1. Медициналық қызметтерді: ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан, ана мен баланы қорғау ұйымдары, алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін ұйымдар, консультациялық-диагностикалық поликлиникалар, медициналық оңалту орталықтары жүзеге асырады.

2. Медициналық қызметтерге:

1) "қатер" (скрининг) тобындағы балаларды анықтау мақсатымен жас сәби балаларды жаппай стандартты тексеру;

2) туа біткен, тұқым қуалаған және жүре пайда болған патологияның тереңдетілген диагностикасы;

3) психика-дене дамуында ауытқулары бар балаларды медициналық түзеу және оңалту;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес көрсетілетін өзге де қызметтер жатады.

3. Кемтар балаларға арналған арнаулы білім беру қызметтерін Қазақстан Республикасының білім беру туралы заңдарында белгіленген тәртіппен арнаулы ұйымдар: психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, оңалту орталықтары, логопедтік пункттер, балалар бақшалары және басқа да арнаулы түзеу ұйымдары көрсетеді.

4. Арнаулы білім беру қызметтерін көрсетуге:

1) балалардың ақыл-ой жағынан даму ерекшеліктерін анықтау және оқыту мен тәрбие берудің түрі мен нысанын таңдау үшін олардың мүмкіндіктерін айқындау мақсатымен оларды тереңдетілген және кешенді тексеру;

2) кемтар сәби, мектепке дейінгі жастағы және мектеп жасындағы балаларды психологиялық-педагогикалық жағынан түзеу, оқыту мен тәрбиелеу;

3) еңбекке баулу, кәсіби диагностика;

4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де қызметтер көрсету жатады.

5. Білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар болып табылады.

6. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге:

1) Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы заңдарында белгіленген тәртіппен әлеуметтік көмек көрсету;

2) протездеу және протез-ортопедия бұйымдарымен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсету;

3) арнаулы техникалық және компенсаторлық құралдармен қамтамасыз ету;

4) кемтар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларына консультациялық көмек көрсету;

5) әлеуметтік қызметкерлердің қызметтер көрсетуі жатады.

Әлеуметтік қызметкерлердің құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленеді.

---

*Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.07.27 № 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

**10-бап. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар**

1. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдауды, айғақтамаларын анықтауды, оларға білім берудің түрі мен нысандарын айқындауды, оларды оңалтудың жеке бағдарламасын жасау мақсатында диагностика және психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер болып табылады.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың қызметін ұйымдастыру азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органдармен келісе отырып білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін ережелермен айқындалады.

2. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар кемтар балаларды арнаулы түзеу ұйымдары мен басқа да ұйымдарға медициналық, арнаулы білім және арнаулы әлеуметтік қызметтерді алуы үшін ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің келісімімен ғана жібереді.

---

*Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

**11-бап. Кемтар балаларға білім беруді ұйымдастыру**

1. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың қорытындысына және оқытудың жеке жоспарына сәйкес кемтар балалар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды - үш жастан бастап, бастауыш және негізгі орта білімді жеті - он жастан бастап алуына болады. Бұл ретте мемлекеттік білім беру бағдарламаларына сәйкес бастауыш және негізгі жалпы білім берудің ұзақтығы он жылдан кем болмауға тиіс.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың қорытындысы бойынша айғақтамалары болған кезде кемтар балаларды тәрбиелеу мен оқыту үйде жеке және тегін жүзеге асырылады.

2. Кемтар балалардың Қазақстан Республикасының білім туралы заңдарында белгіленген тәртіппен білім алуға құқығы бар.

Мемлекет кемтар балаларды кәсіби даярлауға жәрдемдеседі.

3. Жалпы білім беретін арнаулы білім беру ұйымдары ымдау тілін, Брайль әліпбиін, басқа да балама қаріптерді және қарым-қатынас әдістерін пайдалана отырып, тірек-қимыл аппараты бұзылған, көру және (немесе) есту және (немесе) сөйлеу қабілеттері бұзылған балалардың білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасайды.

Арнаулы білім беру ұйымдары педагог жұмыскерлерді, оның ішінде ымдау тілін, Брайль әліпбиін, басқа да балама қаріптерді және қарым-қатынас әдістерін меңгерген мүгедектерді жұмысқа тартады.

---

*Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.07.27 № 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.07 № 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## 12-бап. Мемлекеттік статистикалық есептілік

---

*Ескерту. 12-бап алынып тасталды - ҚР 2010.03.19 № 258-IV Заңымен.*

## 13-бап. Әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау ісін қаржыландыру

Әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау ісін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де көздерден жүзеге асырылады.

---

*Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### 14-бап. Кемтар балаларды еңбекке даярлау және оларға кәсіби білім беру

1. Кемтар балалар Қазақстан Республикасының білім беру туралы заң актілеріне сәйкес кәсіби білім ала алады.

2. Кемтар балаларды еңбекке даярлау отбасында, арнаулы білім беру ұйымдарында жүргізіледі. Кемтар балалардың болашақ кәсіби қызметінің мүмкіндіктері мен сипатын айқындау үшін кәсіби-консультациялық орталықтарда, арнаулы білім беру ұйымдарында кәсіби диагностика жүргізіледі.

3. Кемтар балаларға техникалық және кәсіптік білім беру арнаулы білім беру ұйымдарында, арнаулы түзеу ұйымдарында жүзеге асырылады.

---

*Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13, 2007.07.27 № 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

## 4-тарау. КЕМТАР БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, ОЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

### 15-бап. Кемтар балалардың құқықтары

1. Кемтар балалардың:

1) әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдауды кепілдікті түрде тегін алуға;

2) мемлекеттік медициналық ұйымдарда, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда немесе медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдерінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тегін тексерілуге және тегін медициналық көмек алуға;

3) дене немесе психикалық кемістіктері байқалған сәттен бастап, оның көріну дәрежесіне қарамастан, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындысына сәйкес тегін медициналық-психологиялық-педагогикалық түзеуге;

4) медициналық айғақтамалары бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен протез-ортопедия бұйымдарымен және аяқ киіммен, арнайы қарпі бар баспа басылымдарымен, дыбыс күшейткіш аппаратурамен және сигнал бергіш құралдармен, компенсаторлық техникалық құралдармен тегін қамтамасыз етілуге;

5) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың қорытындысына сәйкес арнаулы білім беру ұйымдарында немесе мемлекеттік жалпы білім беретін оқу орындарында тегін мектепалды және жалпы орта білім алуға;

6) мемлекеттік оқу орындарында мемлекеттік білім беру бағдарламалары шегінде конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім алуға;

7) оқу бітіргеннен кейін алған біліміне және (немесе) кәсіби даярлығына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жұмысқа орналасуға құқығы бар.

2. Бюджеттен қаржыландыру арқылы мемлекеттік тегін білім алу, білім беру гранттарын алу конкурсына қатысқан кезде көрсеткіштері басқалармен бірдей болған жағдайда, медициналық-әлеуметтік сараптау бөлімдерінің қорытындысына сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында білім алуына болатын I және II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер басым құқыққа ие болады.

3. Жетімдер қатарындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, толықтай мемлекет қамтамасыз ететін кемтар балалар арнаулы білім беру ұйымдарында болуын аяқтағаннан кейін және кәмелеттік жасқа жеткен соң, жергілікті атқарушы органдар оларды заңдарда белгіленген тәртіппен тұрғын үймен қамтамасыз етеді.

---

*Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.07.27 № 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

## 16-бап. Кемтар балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің құқықтары

Кемтар балалардың ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің:

1) баланы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда куәландыру кезінде қатысуға;

2) баланы тексерудің нәтижелері, жеке әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың мақсаттары мен нәтижелері туралы дұрыс ақпарат алуға, медициналық, арнаулы білім берумен және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетумен айналысатын органдар мен ұйымдардан консультациялар алуға;

3) өз балаларының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау алуына;

4) мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын жергілікті өкілді органдардың шешімімен айқындалатын тәртіппен және мөлшерлерде өндіріп алуға құқығы бар.

---

*Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

## 17-бап. Кемтар балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің міндеттері

1. Кемтар балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері, заңдарда белгіленген міндеттерден басқа, өздерінің балаларын асырауды, тәрбиелеуді, білім беруді, медициналық байқаудан өткізуді, емдетуді қамтамасыз етуге, оларға күтім жасауға, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға оңалтудың жеке бағдарламасын іске асыруға қатысуға тиіс.

2. Кемтар балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері балаларына күтім жасау мен оларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындаудан жалтарғаны, оларға қатыгездік көрсеткені, олардың денсаулығына зақым келтіргені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

## 5-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 18-бап. Қазақстан Республикасының кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау саласындағы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау саласындағы заңдарының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

### 19-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті**